

PHILIPS

Сымсыз
үндеткіш

JS50



Пайдаланушы нұсқаулығы

Мына бетте өніміңізді тіркеңіз және қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

Мазмұны

1	Маңызды	2
	Қауіпсіздік	2
2	Сымсыз үндеткішіңіз	3
	Кіріспе	3
	Қорапта не бар	3
	Үндеткішке шолу	3
3	Жұмысты бастау	4
	Кірістірілген батареяны зарядтау	4
	Қосу/өшіру	4
4	Bluetooth құрылғыларынан ойнату	5
	Bluetooth құрылғыларынан ойнату	5
	Ойнатуды басқару	5
	Стерео режимге арналған жұптастыру	5
5	Басқа мүмкіндіктер	6
	Сыртқы аудио құрылғыны зарядтау	6
6	Өнім туралы ақпарат	7
7	Ақаулықтарды жою	7
	Жалпы	7
	Bluetooth	8
8	Ескерту	8
	Талаптарға сәйкестік	8
	Қоршаған ортаны күту	8
	FCC мәлімдемесі	9
	Сауда белгісі туралы ескерту	10

1 Маңызды

Қауіпсіздік

Қауіпсіздік туралы маңызды нұсқаулар

- Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы немесе төменгі жағындағы кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Үндеткішке тамшылардың немесе шашырандылардың әсерін тигізбеу керек.
- Үндеткішке ешбір қауіп көзін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттарды, жанып тұрған майшамдарды) қоймаңыз.
- Желдету үшін үндеткіш айналасында жеткілікті бос кеңістік бар екенін тексеріңіз.
- Үндеткішті температурасы 0° және 45° арасындағы қоршаған ортада қауіпсіз пайдаланыңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен тіркемелерді және аксессуарларды пайдаланыңыз.

Батареяның қауіпсіздігі туралы сақтық ескерту

- Батарея дұрыс емес ауыстырылса, жарылыс қаупі бар. Тек бірдей немесе баламалы түрге ауыстырыңыз.
- Батареяға (батареялар жинағына немесе орнатылған батареяға) күн шуағы, от немесе сол сияқты артық жылудың әсерін тигізбеу керек.
- Пайдалану, сақтау немесе тасымалдау кезінде батареяның өте жоғары немесе төмен температураларда болуы және жоғары альтитудадағы төмен ауа қысымы қауіпсіздік қатерлерін тудыруы мүмкін.

- Батареяны дұрыс емес түрге ауыстырмаңыз, бұл қорғанысты жоюы мүмкін (мысалы, кейбір литий батарея түрлері).
- Батареяны отқа немесе ыстық пешке лақтыру, механикалық жолмен жаншу немесе батареяны кесу жарылысқа әкелуі мүмкін.
- Батареяны температура өте жоғары ортада немесе ауа қысымы өте төмен ортада қалдыру жарылысқа, я болмаса тұтанғыш сұйықтықтың немесе газдың жылыстауына әкелуі мүмкін.



Ескерту

- Бұл үндеткіштің корпусын ешқашан ашпаңыз.
- Бұл үндеткіштің ешбір бөлігін ешқашан майламаңыз.
- Бұл үндеткішті тегіс, қатты және тұрақты бетке қойыңыз.
- Бұл үндеткішті басқа электр жабдыққа ешқашан қоймаңыз.
- Бұл үндеткішті тек іште пайдаланыңыз. Бұл үндеткішті судан, ылғалдан және сұйықтық толтырылған заттардан аулақ ұстаңыз.
- Бұл үндеткішті тік күн жарығынан, ашық оттан немесе жылудан аулақ ұстаңыз.
- Батарея дұрыс емес түрге ауыстырылса, жарылыс қаупі бар.

2 Сымсыз үндеткішіңіз

Сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдаудың толық артықшылығын пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome бетінде тіркеңіз.

Кіріспе


Бұл үндеткіш арқылы сіз Bluetooth функциясын қолдайтын құрылғылардың аудиосын тыңдай аласыз.

Қорапта не бар

Орауыштың құрамын тексеріңіз және анықтаңыз:

- Үндеткіш
- USB кабелі
- Қысқаша бастау нұсқаулығы
- Қауіпсіздік парағы
- Дүниежүзілік кепілдік
- Тайваньдағы кепілдік
- Тазалау шүберегі

Үндеткішке шолу



- ① **—/+**
 - Дыбыс деңгейін реттеу.
- ② **🔗**
 - Стереo жұптастыру режиміне кіру үшін басып, ұстап тұрыңыз.
- ③ **▶||**
 - Ойнатуды кідірту немесе жалғастыру үшін басыңыз.
 - Келесі тректі ойнату үшін екі рет басыңыз.
- ④ **📶**
 - Bluetooth арқылы жұптастыру режиміне кіру.
 - Bluetooth арқылы жұптастыру ақпаратын тазалау.
- ⑤ **ЖШД индикаторы**
- ⑥ **🔌**
 - Үндеткішті қосу немесе өшіру.
- ⑦ **⚡**
 - Кірістірілген батареяны зарядтау
- ⑧ **🔌**
 - Сыртқы аудио құрылғыны зарядтау

3 Жұмысты бастау

Осы тараудағы нұсқауларды әрқашан ретпен орындаңыз.


Кірістірілген батареяны зарядтау

Үндеткішке кірістірілген қайта зарядталатын батарея қуат береді.

Ескертпе

- Пайдалану алдында кірістірілген батареяны толығымен зарядтаңыз.
- Үндеткіш қосұлы және батарея заряды төмен кезде, батарея деңгейінің ЖШД индикаторы қызыл түспен тез жыпылықтайды.

Қамтамасыз етілген USB кабелін пайдалана отырып үндеткіштегі TYPE-C USB ұяшығын розеткаға (5 В $\equiv$ 3 А) қосыңыз.



- ↳ Үндеткіш зарядталып жатқанда, ЖШД индикаторы тұрақты қызыл түспен жанады.
- ↳ Үндеткіш толығымен зарядталғанда, үндеткішті қоссаңыз, ЖШД индикаторы көк болады.

! Сақтық ескерту

- Үндеткіштің зақымдалу қаупі бар! Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы немесе төменгі жағындағы кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! USB кабелін ұяшықтан ажыратқанда, әрқашан ашаны тартыңыз. Кабельді ешқашан тартпаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен немесе осы үндеткішпен бірге сатылған USB кабелін пайдаланыңыз.

Қосу/өшіру

Үндеткішті қосу үшін  түймесін басыңыз.

- ↳ Сіз сигналдық дыбысты естисіз.
- ↳ ЖШД индикаторы көк түспен жыпылықтайды.

Үндеткішті өшіру үшін  түймесін қайта басыңыз.

Ескертпе

- Bluetooth құрылғысынан аудио сигнал болмаса, үндеткіш 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

4 Bluetooth құрылғыларынан ойнату

Bluetooth құрылғыларынан ойнату

Бұл үндеткіш арқылы сіз Bluetooth құрылғыңыздан аудио тыңдай аласыз.

Ескертпе

- Құрылғыңызда Bluetooth функциясы қосулы екенін тексеріңіз.
- Үндеткіш пен Bluetooth құрылғыңызды жұптастыру үшін ең көп қашықтық — 20 метр (66 фут).
- Кедергілерді тудыруы мүмкін кез келген басқа электрондық құрылғыдан аулақ ұстаңыз.

- 1 Үндеткішті қосу үшін  түймесін басыңыз. Ол Bluetooth арқылы жұптастыру режиміне автоматты түрде кіреді. Сондай-ақ Bluetooth арқылы жұптастыру режиміне кіру үшін  түймесін басып, 2 секунд бойы ұстап тұруға болады.
- 2 Жұптастыру үшін Bluetooth функциясын қосыңыз және құрылғыңыздағы Bluetooth құрылғыларының тізімінде «Philips JS50» құрылғысын таңдаңыз.
 - ➔ Bluetooth байланысына рұқсат сұрайтын хабар көрінсе, оны растаңыз.
 - ➔ Құпиясөз талап етілсе, 0000 санын енгізіңіз, содан кейін растаңыз.
- 3 Музыканы ағындатуды бастау үшін Bluetooth құрылғыңызда аудионы ойнатыңыз.

ЖШД индикаторы	Сипаттама
Көк түспен тез жыпылықтайды	Жұптастыруға дайын
Көк түспен баяу жыпылықтайды	Соңғы қосылған құрылғыға қайта қосылуда
Тұрақты көк	Қосылды

Ескертпе

- Құрылғыны ажырату үшін ЖШД индикаторы көк түспен тез жыпылықтағанша  түймесін басып, 2 секунд бойы ұстап тұрыңыз.
- Үндеткішті қосқанда, ол әрқашан соңғы сәтті қосылған құрылғыға қайта қосылуға автоматты түрде әрекеттенеді.
- Жұптастыру туралы ақпаратты тазалау үшін ЖШД индикаторы 3 рет көгілдір түспен баяу жыпылықтағанша  түймесін басып, 8 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

Ойнатуды басқару

Музыканы ойнату кезінде,

	Ойнатуды кідірту немесе жалғастыру үшін басыңыз
	Келесі тректі ойнату үшін екі рет басыңыз
	Дыбыс деңгейін реттеу

Стереo режимге арналған жұптастыру

Стереo дыбыс үшін екі бірдей сымсыз үндеткішті (Philips JS50) бір бірімен жұптастыруға болады.

Ескертпе

- Негізгі үндеткіш ретінде кез келген үндеткішті пайдалануға болады.
- Bluetooth құрылғысына қосылған үндеткішті тек негізгі үндеткіш ретінде пайдалануға болады.
- Стереo жұптастыру алдында екінші үндеткіш Bluetooth арқылы жұптастыру режимінде екенін тексеріңіз.
- Үндеткіш пен Bluetooth құрылғыңызды жұптастыру үшін ең көп қашықтық — 20 метр (66 фут).
- Стереo режимінде, екінші үндеткіштегі бұл түйменің әрекеті негізгі үндеткіштегімен бірдей болады.

- 1 Үндеткіштердің екеуінің де қуатын қосу үшін  түймесін басыңыз. Олар Bluetooth арқылы жұптастыру режиміне автоматты түрде кіреді. Bluetooth құрылғыңызға қосылған үндеткіш негізгі үндеткіш ретінде пайдаланылады.
- 2 Стереo жұптастыру режиміне кіру үшін негізгі үндеткіште  түймесін басып, ұстап тұрыңыз (ЖШД индикаторы қызыл және көк түстермен кезектесіп тез жыпылықтағанша).
 - ➔ Сәтті қосылғанда, сіз сигналдық дыбысты естисіз.
 - ➔ Негізгі үндеткіште ЖШД индикаторы көк түспен жанады немесе жыпылықтайды.
 - ➔ Екінші үндеткіште ЖШД индикаторы көк түспен жанады.
- 3 Үндеткіштердің біреуінде  түймесін басыңыз. Музыка үндеткіштердің екеуі де арқылы ойнатылады.

Стереo режимнен шығу үшін үндеткіштердің біреуінде  түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

5 Басқа мүмкіндіктер

Сыртқы аудио құрылғыны зарядтау

Сыртқы аудио құрылғыны (мысалы, смартфонды немесе MP3 ойнатқышын) үндеткіштің артқы жағындағы  порты арқылы зарядтаңыз.

Ескертпе

- USB арқылы зарядтау тогы — 5 В $\approx$ 2 А.
- Сәйкес құрылғының түпнұсқалық деректер кабелін пайдаланыңыз.
- Кейбір USB құрылғыларының зарядталуына кепілдік берілмейді.

6 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.

Жалпы ақпарат

Қуат көзі	5 В $\equiv$ 3 А
Кірістірілген литий батарея	7,4 В, 4400 мАсағ
USB порты	5 В $\equiv$ 2 А
Өлшемдері (Е x Б x Д)	299 x 98 x 100 мм
Салмағы (негізгі блок)	1,065 кг

Зорайтқыш

Шығыс қуат	10 Вт x 2
Жілікке қатысты сипаттама	100 Гц - 20 кГц
Сигнал мен бұрмаланудың арақатынасы	> 70 дБ

Үндеткіштер

Кедергі	4 Ом
Ең көп кіріс қуат	10 Вт
Өлшемі	2,25 дюйм

Bluetooth

Bluetooth нұсқасы	5.0
Жіліктер ауқымы	2402 - 2480 МГц
Ең көп тасымалдау қуаты	5 дБм
Үйлесімді Bluetooth профильдері	A2DP, AVRCP
Bluetooth ауқымы	шамамен 20 м

7 Ақаулықтарды жою

Ескерту

- Үндеткіштің корпусын ешқашан ашпаңыз.

Кепілдікті жарамды сақтау үшін үндеткішті өзіңіз жөндеуге ешқашан әрекеттенбеңіз. Осы үндеткішті пайдалану кезінде мәселелер кездессе, қызмет көрсетуді сұрау алдында келесі тұстарды тексеріңіз. Мәселе шешілмесе, Philips веб-сайтына (www.philips.com/welcome) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, үндеткіш маңайда екеніне әрі үлгі нөмірі және сериялық нөмір қолжетімді екеніне көз жеткізіңіз.

Жалпы

Қуат жоқ

- Үндеткіш толығымен зарядтаулы екенін тексеріңіз.
- Үндеткіштің USB ұяшығы тиісті түрде қосылғанын тексеріңіз.
- Қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде, 15 минут бойы аудио сигнал алынбаса немесе аудио құрылғы қосылмаса, үндеткіш автоматты түрде өшеді.

Дыбыс жоқ

- Осы үндеткіштің дыбыс деңгейін реттеу.
- Қосылған құрылғыда дыбыс деңгейін реттеу.
- Bluetooth құрылғыңыз жұмыс істейтін ауқымда екенін тексеріңіз.

Үндеткіштен жауап жоқ

- Үндеткішті қайта іске қосыңыз.

Bluetooth

Bluetooth қолдайтын құрылғыға қосылудан кейін аудионың сапасы нашар

- Bluetooth қабылдау нашар. Құрылғыны осы үндеткішке жақындатыңыз немесе олардың арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.

Bluetooth құрылғыңызда жұптастыру үшін [Philips JS50] құрылғысы табылмады

- Bluetooth арқылы жұптастыру режиміне кіру үшін  түймесін басып, 2 секунд бойы ұстап тұрыңыз, содан кейін әрекетті қайталаңыз.

Bluetooth құрылғыңызға қосылу мүмкін емес

- Құрылғыңыздың Bluetooth функциясы қосылмаған. Функцияны қосу жолын құрылғыңыздың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
- Бұл үндеткіш жұптастыру режимінде емес.
- Бұл үндеткіш басқа Bluetooth қолдайтын құрылғыға қосылып қойылған. Ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

8 Ескерту

MMD Hong Kong Holding Limited

ашық түрде мақұлдамаған осы құрылғыға енгізілген кез келген өзгертулер пайдаланушының өнімді пайдалану құқығын жоюы мүмкін.

Талаптарға сәйкестік



Осымен, MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы бұл өнім 2014/53/EU директивасының негізгі талаптарына және басқа қатысты шарттарына сай екенін жариялайды. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support бетінде табуға болады.

Қоршаған ортаны күту

Ескі өнімді және батареяны қоқысқа лақтыру



Өніміңіз қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен құрамдастарды пайдаланып өндірілген.



Өнімдегі бұл таңба өнімді 2012/19/EU еуропалық директивасы қамтитынын білдіреді.




Бұл таңба өнім 2013/56/EU еуропалық директивасы қамтитын, қалыпты тұрмыстық

қоқыспен бірге қоқысқа лақтыруға болмайтын батареяларды қамтитынын білдіреді.

Жергілікті электр және электрондық өнімдер мен батареяларды бөлек жинау жүйесі туралы ақпарат алыңыз. Жергілікті ережелерді сақтаңыз және өнім мен батареяларды ешқашан қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге қоқысқа лақтырмаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс лақтыру қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына теріс салдарларды болдырмауға көмектеседі.

Бір рет пайдалануға арналған батареяларды шығару

Бір рет пайдалануға арналған батареяларды шығару үшін батареяны орнату бөлімін қараңыз.



Тек анықтама беруге арналған

Қоршаған орта туралы ақпарат

Бүкіл қажет емес орауыш пайдаланылмады. Орауышты үш материалға бөлуді оңай етуге тырыстық: картон (қорап), полистирен көбігі (буфер) және полиэтилен (пакеттер, қорғағыш көбік парағы).

Жүйеңіз арнайы компания бөлшектесе, қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдарды, таусылған батареяларды және ескі жабдықты қоқысқа лақтыруға қатысты жергілікті ережелерді сақтаңыз.

FCC мәлімдемесі

Бұл құрылғы FCC ережелерінің 15-бөліміне сай. Пайдалануға келесі екі шарт қолданылады: (1) Бұл құрылғы зиянды кедергілерді тудырмауы керек және (2) Бұл құрылғы алынған кез келген кедергілерді, соның ішінде қалаусыз жұмысты тудыруы мүмкін кедергілерді қабылдауы керек.

Ескерту: талаптарға сәйкестікке жауапты тарап ашық түрде мақұлдамаған өзгертулер немесе модификациялар пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығын жоюы мүмкін.

Ескертпе: бұл жабдық сыналды және FCC ережелерінің 15-бөліміне сай В сыныпты цифрлық құрылғының лимиттеріне сай екені анықталды.

Бұл лимиттер тұрғын жайда орнатқанда зиянды кедергілерден тиісті қорғауды қамтамасыз етуге арналған.

Бұл жабдық радиожилік энергиясын тудырады, пайдаланады және шығарады әрі нұсқауларға сай орнатылмаса және пайдаланылмаса, радио байланысқа зиянды кедергілерді тудыруы мүмкін. Дегенмен, нақты орнатымда кедергілер орын алмайтынына кепілдік жоқ. Бұл жабдық радио немесе теледидар сигналдарын қабылдауға зиянды кедергілерді тудырса (мұны жабдықты өшіру және қосу арқылы анықтауға болады), пайдаланушыға келесі шаралардың біреуі немесе бірнешеуі арқылы кедергілерді түзетіп көру ұсынылады: (1) Қабылдағыш антеннаның бағытын немесе орнын өзгерту. (2) Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттыру. (3) Жабдықты қабылдағыш қосылғаннан басқа тізбектегі розеткаға қосу. (4) Көмек алу үшін тәжірибелі радио/теледидар жөндеу маманынан кеңес алу.

Радиожилік туралы ескерту мәлімдемесі

Бұл құрылғы бағалаудан өтіп, радиожилік әсеріне қатысты жалпы талаптарға сай

екені анықталды. Бұл құрылғыны портативті әсер ету жағдайларында шектеусіз пайдалануға болады.

Сауда белгісі туралы ескерту



Bluetooth[®] сөз белгісі және логотиптері Bluetooth SIG, Inc. иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және **MMD Hong Kong Holding Limited** мұндай белгілерді лицензия бойынша пайдаланады. Басқа сауда белгілері және сауда атаулары тиісті иелерінікі болып табылады.



Philips және Philips қалқан эмблемасы Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша пайдаланылады.

Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның серіктес компанияларының біреуі өндірген және солардың жауапкершілігімен сатылады әрі MMD Hong Kong Holding Limited осы өнімге қатысты кепілдік беруші болып табылады.

TAJS50_00_UM_V1.0

